

Бибігүл Төлегенованың Бірінші Халықаралық әншілер конкурсын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қыркүйек N 1156

Классика өнерін қолдау және одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің 2001 жылғы 18-25 қыркүйекте Алматы қаласында Бибігүл Төлегенованың Бірінші Халықаралық әншілер конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) өткізу туралы ұсынысы қабылданын.

2. Конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитеті қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

3. Конкурс іс-шараларын қаржыландыру 2001 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне 46 "Әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шаралар жүргізу" бағдарламасының 31 "Республикалық деңгейде ойын-сауық шараларын өткізу" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен

және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Конкурстың дайындығы мен өту барысын жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 6 қыркүйектегі
N 1156 қаулысына
қосымша

Бибігүл Төлегенованың Бірінші Халықаралық әншілер
конкурсын дайындау және өткізу жөніндегі
ұйымдастыру комитетінің
құрамы

Құл-Мұхаммед - Қазақстан Республикасы Мәдениет,
Мұхтар Абрарұлы ақпарат және қоғамдық келісім
министрі, төраға

Төлегенова - КСРО халық артисі, Социалистік Еңбек
Бибігүл Ахметқызы Ері, профессор, төрағаның орынбасары
(келісім бойынша)

Храпунов - Алматы қаласының әкімі, төрағаның
Виктор Вячеславович орынбасары

Әлпиев - К. Байсейітова атындағы ұлттық опера
Төлеубек Нығметұлы және балет театрының директоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері

Әубәкірова - Құрманғазы атындағы ұлттық
Жания Яхияқызы консерваторияның ректоры,
Қазақстанның халық артисі

Мұхамеджанов - Астана қаласы әкімінің орынбасары
Төлеген Мұхамеджанұлы

Оразғалиев - Абай атындағы мемлекеттік
Қуаныш Ғабидоллаұлы академиялық опера және балет
театрының директоры

Өтеуов - Жамбыл атындағы мемлекеттік
Мұхтар Жамашұлы филармонияның бас директоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген артисі

Төлегенова - "Мирас" ұлттық қоғамдық қоры
Мариям Ахметқызы басқармасының төрайымы
(конкурстың үйлестірушісі,
келісім бойынша)

Тілеухан - Қазақстан Республикасы Мәдениет,
Бекболат Қанайұлы ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі Мәдениет комитетінің
төрағасы, Қазақстанның еңбек
сіңірген артисі

Ыбыраев - Алматы қаласы әкімінің орынбасары
Әділ Жүнісұлы

Ықсанова - "Хабар" агенттігі" ЖАҚ бас директоры
Гүлнар Мұстахымқызы (келісім бойынша)

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.